



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын  
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

## Ақылды агро ауылды өркендетеді

Қазіргі таңда әлем Төртінші индустриялық революция дәуіріне қадам басты. Цифрлық технологиялар, жасанды интеллект жүйелері, автоматтандыру – мұның бәрі күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, ауыл шаруашылығы сияқты дәстүрлі салалар өзгеріс сатысында. Индустриялық әрі аграрлық әлеуеті қатар дамыған Қарағанды облысының аграрлық секторы осылайша жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізіп отыр.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешені ел экономикасының негізгі тірегінің бірі ретінде айтып келеді. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында сөйлеген сөзінде ауыл шаруашылығының цифрландырудың маңыздылығына тоқталды.

«Агроөнеркәсіп кешенінің цифрландырумен нақты айналысқан жөн. Өздеріңізге мәлім, жаппай цифрландыру және барлық салаға жасанды интеллект технологиясын енгізу Жолдауымыда басты міндет ретінде аталды. Ауыл шаруашылығы үшін мұның мәні өте зор. Себебі жаңа технологиялар шығынды айтарлықтай азайтып, өнімділікті ұлғайтуға мүмкіндік береді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ұстаным аграрлық секторға инновациялық тәсілдерді енгізу – тек экономикалық емес, ұлттық қауіпсіздік мәселесі екенін көрсетеді.

Соңғы жылдары Қарағанды облысында ауыл шаруашылығының цифрландыру бағытында бірқатар нақты жобалар жүзеге асырылып жатыр. Осакаров, Нұра ауданындағы дикандар GPS-навигациясы бар егін техникаларын кеңінен қолдана бастады. Бұл жанармай шығынын 15-20 пайызға дейін азайтып, егіс сапасын арттыруға мүмкіндік берген. Мысалға, «Найдоровское» ЖШС – цифрлы агро-



Қолжазба авторы Арайлым Қоңғарова

технологияларды тиімді енгізуші кәсіпорындардың қатарында. Бұл шаруашылықта егіс жұмыстары заманауи техникамен атқарылады, суармалы жерлер жүйелі түрде кеңейтілген, агротехникалық шешімдер деректерге сүйеніп қабылданады. Құрғақ климатқа қарамастан, мұнда тұрақты өнім алу – дәл осы цифрлы тәсілдердің нәтижесі. Әсіресе, су ресурстарын тиімді пайдалану мен егіс құрылымын дұрыс жоспарлау – шаруашылықтың басты артықшылығы.

– Бүгінгі ауыл шаруашылығы

бұрынғыдай тек тәжірибеге сүйенетін сала емес. Қазір біз әр шешімді нақты дерекке негіздеп қабылдаймыз. Біздің шаруашылықта ақылды техника мен цифрлы жүйелерді енгізу – уақыт талабы болды. GPS-навигациясы бар техникалар, алқапты бақылауға арналған дрондар, топырақ пен ылғалдылықты өлшейтін датчиктер – мұның бәрі жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, нақты нәтиже беруде. Мысалы, біз бұрын егістікті көзбен бағалап, шешім қабылдайтынбыз. Қазір Заттар интернеті арқылы нақты көр-

сеткіштерге сүйенеміз. Қай жерде ылғал аз, қай жерде тыңайтқыш жетіспейді – бәрін көріп отырамыз. Соның арқасында шығын азайды, өнім тұрақтанды. Әрине, киындықтар да бар. Технология арзан емес, ауылдағы интернет те кейде келергі келтіреді. Бірақ, соған қарамастан, цифрландырудан басқа жол жоқ. Кім технологияны меңгереді, сол ұтады. Біздің мақсат – тек өнім алу емес, оны тиімді, үнемді және тұрақты түрде өндіру. Оған жету үшін ең дұрыс жолы – ақылды технология мен ақылды техниканы кеңінен



қолдану, – дейді «Найдоровское» шаруашылығының директоры Павел Лушак.

Бүгінде дикандар Заттар интернеті, датчиктер мен цифрлы платформалар арқылы әр алқаптың жағдайын нақты бақылайды.

– Біз бұрын табиғатқа бейімделіп жұмыс істесек, қазір табиғаттағы өзгерістерді алдын ала біліп, соған сай әрекет етеміз. Бұл – цифрландырудың ең үлкен артықшылығы, – дейді білікті агро-сарапшы Аспандияр Сейсен.

Жасанды интеллект агросекторда тәуекелдерді басқарудың негізгі құралына айналып келеді. Ол ауа райының құбылуын болжауға, өнімділікті алдын ала есептеуге және фермерге тиімді шешім ұсынуға көмектеседі.

– Нақты дерекке сүйенген шаруашылық ешқашан ұтылмайды. Себебі онда әр шешім есеппен қабылданады, – дейді Аспандияр Сейсен.

Алайда, сарапшы цифрландырудың кемшіліктерін де ашық айтады.

– Бізде басты мәселе – технологияның қолжетімділігі. Ірі шаруашылықтар цифрландыруға тез бейімделіп жатыр, ал, шағын фермерлер үшін әлі де күрделі. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі инфрақұрылым мәселесі де өзекті. Интернет сапасыз болса, ешқандай «ақылды ферма» жұмыс істемейді. Бұл – шешімін күткен жүйелі мәселе. Цифрлы агросалаға жаңа буын мамандар қажет. Бүгінгі фермер – тек дикан емес, ол әрі технолог, әрі талдаушы болуы керек. Цифрлы технологиялар – бұл мүмкіндік. Бірақ, оны тиімді пайдалану үшін мемлекет, бизнес және фермер бір бағытта жұмыс істеуі керек. Сонда ғана біз бәсекеге қабілетті, тұрақты агросектор қалыптастырамыз, – дейді ол.

Сарапшылардың пікірінше, бұл мәселелерді шешу үшін мемлекеттік қолдауды күшейту қажет. Атап

айтқанда, субсидиялау, жеңілдетілген несие беру және фермерлерді оқыту бағдарламаларын кеңейту маңызды.

Бүгінгі ауыл шаруашылығында дәстүрлі мамандықтар да жаңа сипатқа ие бола бастады. Мысалы, бұрын «механизатор, тракторшы, жүргізуші, малшы» деп аталатын мамандардың орнына қазір оператор, пилот, бағдарламашы деген жаңа лауазымдар пайда болды. Алып комбайнның кабинасына отырған адамды қарасаңыз, қазір ол тек техника жүргізушісі емес, монитор арқылы егістіктің барлық процесін басқаратын бағдарламашы іспетті. Монитордың тілін білмесең, тракторшы немесе механизатор болу мүмкін емес. Осындай өзгерістер өсімдік шаруашылығында да айқын көрініс тапты. Бүгінде агрономдардың көбісі қағаз, қалам немесе сызғышпен емес, бір ғана планшетпен жұмыс істейді. Олар алқаптағы барлық жағдайды кеңесден бақылап, деректерге сүйеніп шешім қабылдайды. Бұл тәсіл дәлірек және тиімдірек екені дәлелденіп отыр.

Мал шаруашылығында да технология осылай ену үстінде. Сондықтан көптеген мамандар ескі әдістерін жаңартып, цифрлы технологияларды меңгерсе, жұмыстың өнімділігі едәуір артады деген сөзсіз. Осыдан келе, фермер тек, қарапайым шаруа емес, цифрлы технологияны меңгерген менеджер болуы керек.

Ақылды технологиялар мен цифрлы шешімдер агросаланы жаңа деңгейге көтеріп, өнімділікті арттыруға мүмкіндік беретінін әзірге алпауыт шаруалар ғана сезінуде. Дегенмен, толық цифрландыруға жету үшін тек техника сатып алу жеткіліксіз. Фермерлерді оқыту, инфрақұрылымды жақсарту, мемлекеттік қолдау шараларын қамтамасыз ету және деректерді тиімді өңдеу – бәрі қатар жүрмесе, нәтиже толық болмайды. Қысқасы, технология, білім және инфрақұрылым біріккенде ғана агросала алға қадам басады.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Көзге көрінбейтін киберқылмыс

«Әлемде киберқылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл – өте төмен көрсеткіш. Киберқылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет. Цифрлық қатерге төтеп беру үшін құқық қорғау органдары бір қадам алда жүруге тиіс. Озық ойлап, артта қалмаудың амалын табу қажет», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратура жиынында.

Жаңа технологиялар – уақыттың қатаң талабы. Алайда, цифрлық технологиялардың көлеңкесінде жаңа қауіп – киберқылмыс тұр. Бүгінде интернет-алақтық тамыр жайып келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Алаяқтық эволюциясы

Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Шахназар Салин қазіргі жағдайдың күрделене түскенін айтады.



Сурет ЖИ

– Цифрлық дәуірде, өкінішке қарай, технологиялар ғана дамып жатқан жоқ. Сонымен жағаласып, интернет-алақтықтың жаңа түрі мен тәсілі пайда болуда. Интернет-алаықтар өздерінің қылмыстық әрекеттерінде жасанды ин-

теллектіні белсенді түрде қолдануда. Сенгіш азаматтарды алдау тәсілдері күн санап артып келеді, – дейді Шахназар Салин.

Расында, бүгінгі алаяқ бұрынғыдай қарапайым схемамен шектелмейді.



### ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Олар психологияны жетік меңгерген, технологияны еркін игерген, сценарий дайын «кәсіби қауіпті топтарға» айналды.

Мәселен, алаяқтар өздерін банк қызметкері, курьер, ұялы байланыс операторы немесе мемлекеттік орган өкілі ретінде таныстырып, азаматтан SMS-код сұратады. Бұл – олардың негізгі «кілті». Сол арқылы кез келген адамның жеке кабинетіне, банк қосымшасына, тіпті, мемлекеттік қызметтер платформасына қол жеткізеді.

Бұдан кейінгі кезең одан да қауіпті. Соңы жалған «арнайы операцияларға» ұласады. Қылмыскерлер құқық қорғау органдарының немесе ұлттық қауіпсіздік қызметінің атынан хабарласып, азаматтың есепшоты бұзылғанын айтып, оны «құтқару» үшін қаржысын басқа шотқа аударуға көндіреді. Сенімді арттыру үшін жалған куәліктер, құжаттар, бейнеқоңыраулар қолданылады.

➤ 2-бет

### БАСПАСӨЗ-2026

#### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРУҒЫЗ!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

## Туризмге тың серпін

Қарағанды өңіріндегі демалыс аймақтарына жету енді еш қиындық тудырмайды. Осы орайда әуе кеңістігі арқылы тікелей рейстер, жол бойындағы тәулік бойы жұмыс істейтін сервис орталықтары және үздіксіз интернет желісі жолға қойылып келеді. Облыс билігі жылғы туристік маусымға дайындықтың басым бағыттарын кезекті аппарат жиынында сарапқа салды.



**Орталық** Еркәнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен туризмді дамытудың 2026-2028 жылдарға арналған облыстық Жол картасы аясында негізгі курорттық аймақтар – Балқаш қаласы мен Қарқаралы ауданында инфрақұрылымды жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылып жатқанын атап өтпекпіз. Бұл туралы салалық ведомство басшылары мәлімдеді.

Мәселен, Балқаш әуежайын реконструкциялау аяқталды. Тіпті, Астана мен Алматыдан тұрақты рейстер де жоспарланған. «Қарағанды-Балқаш» бағыты бойынша теміржол қатынасын іске қосу қосымша пысықталуда. Туристік нысандарға апаратын автомобиль

жолдарын жөндеу, жол бойындағы сервисті дамыту үдерісі кідіріссіз жалғасуда. Өңірдің республикалық трассаларында 105 сервис нысаны жұмыс істейді. Көпшілігі жаңғыртылып, ұлттық стандарттарға сәйкестендірілген. «Астана-Балқаш-Сарышаған» және «Қарағанды-Қарқаралы» бағыттары бойында санитарлық-гигиеналық тораптар тәулік бойы жұмыс істейді. Электр көліктеріне арналған қуаттау станциялары да орнатылған көрінеді.

Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы өкілдері болса, жанар-жағармай нарығына күнделікті мониторинг жүргізуде. Қазіргі таңда қажетті отын қоры қалыптастырылған. Тапшылық жоқ. Бензин мен дизель еркін сатылуда. «Қарағанды-Балқаш» туристік бағыты

бойында 17 жанармай құю станциясы жұмыс істейді. Байланыс сапасы да айтарлықтай жақсаруда. Балқаш, Шұбар-Түбек, Торанғалық және Қарқаралыда жаңа антенна-дигиталды құрылыстарын орнату, базалық станцияларды жаңғырту және негізгі туристік маршруттар бойында қамтуды кеңейту межеленді. Бұл шаралар жүктеме жоғары кезеңдерде де тұрақты мобильді интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өңірдегі су айдындарындағы 149 жаппай демалыс орнының 80-іне санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілген. Балқашта барлық туристік нысандарға түгендеу жүргізіліп, Шұбар-Түбек пен Торанғалық жағажайларын абаттандыру жоспарланған: көлеңкелі қалқа-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лар, санитарлық модульдер, киім ауыстыру кабиналары, құтқару мұнаралары мен пирстер орнатылады. Курорттық аймақтар үшін бірыңғай дизайн-код енгізілген.

Ал, Қарқаралы ауданында жалпы сыйымдылығы 2,5 мыңнан асатын 40-тан астам туристік нысан жұмыс істейді. Ұлттық парктегі туристік маршруттарды абаттандыру, визит-орталық салу және «Бұғылы» рекреациялық аймағын дамыту көзделіп отыр.

Өз кезегінде Visit Karaganda туристік ақпараттық орталығының қызметкерлері өңірді цифрлық платформалар, ақпараттық турлар және блогерлермен ынтымақтастық арқылы белсенді түрде насихаттауда. Қосымша визит-орталықтар ашу, чат-ассистенттерді енгізу және танымал туристік қосымшаларға интеграциялау үдерісі іске асуда. Биыл «Balkhash Tour Fest» фестивалін қоса алғанда, жаңа іс-шаралардың арқасында ішкі туризмнің әлеуетінің өсуі күтілуде.

Жалпы алғанда, жүргізіліп жатқан жұмыстар заманауи, қауіпсіз және жайлы туристік орта қалыптастыруға бағытталған. Инфрақұрылым, байланыс, отынмен қамтамасыз ету және санитарлық қауіпсіздікті жүйелі түрде дамыту Балқаш пен Қарқаралының аймақтарының тартымдылығын арттырып, 2026 жылғы туристік маусымның табысты өтуін қамтамасыз етеді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірде туризмді дамыту жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын атап өтті.

– Туристік маусымға дайындық – бұл облыстың имиджін тікелей қатысты мәселе. Туристік нысандар мен инфрақұрылым белгіленген стандарттарға сай болуы тиіс. Бұл бір реттік науқан емес, тұрақты негізде жүргізілуі қажет жүйелі жұмыс, – деді облыс әкімі келелі жиынын түйіндей отырып.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## Жасыл желекке бетбұрыс



Кеншілер шаһарында көгалдандыру маусымы қарқын алып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев абаттандыру мен жасыл желекті көбейтуді жүйелі түрде жүргізу керектігін өз Жолдауында үнемі айтады. Президент тапсырмасынан бастау алған бұл игі үрдіс өңірлерде нақты іспен көрініс табады. Соның бір айқын көрінісі ретінде күні кеше экологиялық акция өтіп, Назарбаев даңғылы бойына 60 жас қошет егілді.



**Орталық** Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі іс-шараға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен қала әкімі Мейрам Кожухов қатысты. Сондай-ақ, акцияға мемлекеттік мекеме өкілдері, кәсіпорын қызметкерлері, еріктілер, табиғат жанашырлары, қалалық Жастар ресурстық орталығының белсенді жастары және қала тұрғындары жұмыла атсалысты.

Биыл Қарағандыда ауқымды көгалдандыру жұмыстары жоспарланған. Қала бойынша 1,5 миллионнан астам гүл егіліп, 7 мың қошет пен 12 700 түп ағаш отырғызылмақ. Бұдан бөлек, қаланың әр ауданында, саябақтардан тыс аумақтарда және өтемік негізде тағы 13 мыңнан астам түп ағаш егу көзделді. Жалпы, жыл соңына дейін шаһарда 25 мыңнан астам түп ағаш жерге тамыр жаяды. Сонымен қатар, былтыр басталған алма бағын қалыптастыру жұмыстары да биыл жалданабақ.

Экологиялық акцияның мазмұнын айшықтай түскен жайттың бірі – жастардың белсенділігі.

– Осындай игі бастамаларға жастардың қушынысы зор. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, ұжымдық жұмысқа жұдырықтай жұмыла білген жастардың да ұйымшылдығы арта түспек. Мұндай мазмұнды шаралар жастарды еңбекке баулиды, әрі туған жердің

тазалығы мен келбетіне жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді. Әсіресе, көгалдандыру жұмыстарына қатысу арқылы жас буын табиғатты аялаудың, қоршаған ортаны қорғаудың нақты үлгісін көрсетеді. Осындай тағылымды істер арқылы жастардың елге қызмет етуге деген ынтысы да беки түседі, – деді Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Заңғар Серіков.

Акция аясында табиғат жанашыры Сәкен Келдібаев көпшілікпен мазмұнды пікір бөлісті. Оның айтуынша, бүгін егілген 60 түп қарағай жергілікті жерге бейімделген қошеттердің қатарынан таңдап алынған. Мұның өзі олардың жаңа ортаға тезірек жерсінуге оң ықпал етеді.

– Қазіргі таңда қошеттерді баптап егу барысында арнайы темір себеттер қолданылады. Бұл бұрынғы полиэтилен не пленкамен орау тәсіліне қарағанда әлдеқайда тиімді. Өйткені, темір себет тамырдың табиғи жайылуына кедергі келтірмейді, керісінше, ағаштың топыраққа бейімделуіне қолайлы жағдай жасайды, – деді ол.

Эко бастаманың тағы бір мәні – ескі ағаштарды кезең-кезеңімен жаңартып, олардың орнына сапалы қарағай аллеясын қалыптастыру. Бұл қаланың келбетіне көрік берсе, әрі экологиялық ахуалды жақсартыды.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

### • КОНФЕРЕНЦИЯ

## Ардагерлердің келелі кеңесі

Аймақта облыстық ардагерлер кеңесінің Х есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Конференцияда ұйымның 2021-2026 жылдар аралығындағы жұмысы қорытындыланды. Сондай-ақ, аға буынның қоғамдағы орны, ұрпақ тәрбиесі, жастар арасындағы әлеуметтік түйткілдердің алдын алу және ардагерлер ұйымының алдағы міндеттері кеңінен талқыланды.

**Орталық** Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияны ашқан облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбековтің айтуынша, мұндай кездесулер – ел ағаларымыз ақылдасып, қоғамның бүгінгі жай-күйі мен ертеңгі бағытын бағамдайтын маңызды кенес.

– Бүгінгі кездесуді кезекті жиын деп қабылдау керек. Бұл – қашан да қоғамның тірегі, алтын қоры, қазынасы саналатын қадірлі ақсақалдарымыздан ақыл сұрап, кеңесетін маңызды басқосу. Аға буынның ел өміріндегі орны айрықша. Ардагерлер тәрбие мен тәртіптің, бірлік пен парасаттың қайнар бастауы, – деді ол.

Әрі қарай негізгі баяндаманы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов жасады. Ол ұйымның есепті кезеңдегі жұмысын жан-жақты саралап, ардагерлер қозғалысының өңір өміріндегі орны мен алдағы міндеттеріне тоқталды.

– Ардагерлер – елдің рухани діңгегі. Біз тек өткенді дәріптеп қана қоймай, жаңа дәуірдің моральдық бағдарын қалыптастыруға да атсалысамыз. Есепті кезеңде облыстық



ардагерлер кеңесі бекітілген жұмыс жоспарына сай жүйелі қызмет атқарды.

Қазіргі таңда өңірде алты қалалық және тоғыз аудандық ардагерлер ұйымы бар. Олардың құрамында 180 мыңнан астам зейнеткер есепте. Бұл құрылым 140-тан астам бастауыш ардагерлер ұйымын біріктіріп отыр.

Конференция барысында мандат комиссиясының мүшесі Нәзіпа Асқардың есебі де тыңдалды.

Одан кейін конференция мінберіне көтерілген тексеру комиссиясының төрағасы Римма Шағвалиева есепті кезеңде ұйым жұмысының қаржылық және ұйымдастырушылық бағыттары тұрақты бақылауда болғанын айтты.

Алқалы жиында ардагерлерді әлеуметтік тұрғыдан қолдау мәселесі де назардан тыс қалмады. Бұл жөнінде баяндаманы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру, әле-

уметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спабеков баяндады.

– Ардагерлерді әлеуметтік қолдау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бытыр Жеңістің 80 жылдығына орай соғыстың сегіз ардагеріне 5 миллион теңгеден біржолғы төлем берілді. Қазіргі таңда облыста алты соғыс ардагері тұрады. Сонымен қатар, соғыс ардагерлеріне теңестірілген және жеңілдік алатын 4586 азамат бар. Оларға көрсетіліп отырған көмектің бәрі сақталады, – деді Ғалымжан Спабеков.

Конференцияда ардагерлерді сауықтыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Басқарма басшысының баяндауынша, 2023 жылдан бері санаторий-курорттық емлеу жүйесі енгізіліп, осы уақытқа дейін 675 ардагер ем қабылдаған. Биыл тағы 184 ардагерді қамту жоспарланды.

Бұдан бөлек, басқа мемлекеттер

аумағындағы әскери қимылдарға қатысқан ардагерлер мен Чернобыль апатын жоюға қатысушыларға коммуналдық шығындарды өтеу үшін жылына бір рет 12 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік төлем беріледі.

Конференция соңында ардагерлер қозғалысына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар азаматқа құрмет көрсетілді.

Конференция қорытындысы бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің жаңа құрамы жасақталып, алдағы кезеңде атқарылатын жұмыстың басым бағыттары нақтыланды. Сондай-ақ, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің кезекті съезіне қатысатын делегаттар сайланып, өңірдегі ардагерлер қозғалысын жандандыруға қатысты бірқатар ұсыныс ортаға салынды.

Суретті түсірген автор

## Көзге көрінбейтін киберқылмыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Жеңіл табыс іздеу жарға жығады

Соңғы жылдары пайда болған интернет-алаяқтықтың ең қауіпті түрінің бірі – жалған инвестициялық платформалар. Әлеуметтік желілерде танымал компаниялардың атын жамылып, жасанды интеллект көмегімен белгілі тұлғалардың бейнесін жасап, халықты «пассивті табысқа» шақырады.

Алғашында 100 АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуды ұсынады. Кейін «табыс» көрсетіп, сенімге кіреді. Осылайша, жәбірленуші ірі көлемдегі қаражатын жоғалтады.

Мұндай жүйелер бізде елде ғана емес, көрші мемлекеттерде де бар. Мәселен, Еуропа елдерінде де «deepfake» технологиясы арқылы саясаткерлердің жалған видеолары жасалып, азаматтарды инвестицияға тарту жағдайлары тіркелген. Ал, Сингапурда киберқылмыскерлер мемлекеттік қызметкерлердің дауысын көшіріп, телефон арқылы алдау тәсілін қолданыпты.

Сонымен бірге, интернет-дүкендер мен онлайн-платформалардағы алаяқтық та өршіп тұр. «OLX», «Kolesa.kz», «Krisha.kz», «Instagram» арқылы арзан тауар ұсынып, алдын ала төлем талап ету немесе жалған жеткізу сілтемесін жіберу – кең тараған әдіс.

Фишингтік сілтемелер арқылы да мыңдаған азамат зардап шегуде. Қарапайым «дауыс беріңіз», «ұтыс ұтып алыңыз» деген хабарламаның артында үлкен қауіп жасыруы

мүмкін. Бір ғана сілттемені басы – жеке деректерден айырылу деген сөз.

Интернет-алаяқтықтың күрделі жүйесінде «дроп» ұғымы ерекше орын алады. Бұл – өз банк шотын немесе картасын ала-яқтарға пайдалануға беретін тұлға. Дроптар арқылы қылмыскерлер ақшаны жасырып, ізін жояды. Олар ақша шешіп, басқа шоттарға ауарады. Кейде өз атына жаңа есепшоттар ашады.

Оларды тарту жолдары да қарапайым. «Жеңіл табыс», «онлайн жұмыс», «қаржы менеджері» деген сынды қаптаған жалған ұсыныстар. Көп жағдайда жастар – студенттер мен мектеп оқушылары алданады. Өйткені, жас буын артық ақша ұстап, киім алып, түрлі тәттілер жегісі келеді. Осыны әбден жетік білім алған алаяқтар, оларды қармағына түсірудің түрлі жолын ойлап табады. Тіпті, күмәнді ұлгермейтін, ойлануға уақыт болмай тұзаққа түсетіндей жағдайларды алдын ала дайындайды.

Дерекке сүйенсек, жыл басынан бері 307 дроп анықталып, 13 қылмыстық іс қозғалған. Бұл – мәселенің ауқымын көрсететін нақты дерек.

Әлемдік тәжірибеде де бұл құбылыстың кең таралғанын атап өту керек. Мәселен, Ұлыбританияда «money mule» деп аталатын дәл осы дроптар үшін қатаң жауапкершілік қарастырылған. Ал, Германияда банктер күмәнді транзакцияларды автоматты түрде бұғаттайтын жүйелерді енгізген.

• ДЕНСАУЛЫҚ

## Тегін дәріні кімдер алады?

Елімізде азаматтарды тегін дәрімен қамтамасыз ету жүйесі кеңейтілген тегін медициналық көмек арқылы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жүзеге асырылады. Бұл тетік пациенттерді қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Препараттарды алу нақты диагнозға, емханаға тіркелуге және белгіленген медициналық рәсімдердің толық орындалуына байланысты жүргізіледі. Тегін дәрілік заттар стационарлық ем кезінде пациенттерге толық көлемде беріледі. Ал, амбулаториялық деңгейде тегін препараттар тек бекітілген тізімге енгізілген диагнозы бар азаматтарға ұсынылады. Бұл үшін пациент емханаға тіркеліп, тексеруден өтіп, бақылауға алынуы керек. Ең бастысы, дәрігерден тегін рецепт алу. Рецептпен бірге жеке басын куәландыратын құжат ұсынылғаннан кейін дәріні кепілдендірілген тегін медициналық көмек және МӘМС аясында қызмет көрсететін дәріханадан алуға болады.

Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдеген тізімге биыл 2435 дәрілік заттар мен медициналық бұйым енгізілген. Азаматтар шағымдары мен өтініштерін 1439 байланыс орталығы арқылы да жолдай алады.

• ТАҒЫМ

## Ұлы тұлғаға – ұлық құрмет

12 сәуір – Қазақстанда ғылым саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Әрі биыл қазақтың ұлы ғалымы, академик, геолог, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың туғанына 127 жыл толып отыр. Айтулы датаға орай ғалымдар қауымы, ардагерлер, қала жастары мен тұрғындары Қарағанды теміржол вокзалы алаңындағы ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тұлғаның рухына тағзым етті. Гүл шоқтарын қою шарасына облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зейнолла Молдахметов те арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тағлымды шара барысында қатысушылар ғалымның ел ғылымын дамытудағы өлшеусіз еңбегін атап өтіп, оның өнегелі өмір жолы мен ғылыми мұрасы кейінгі буын үшін әрдайым үлгі екенін жеткізді.

– Қаныш Сәтбаев – Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Отандық ғылымның ғана емес, тұтас кеңестік ғылыми кеңістіктің дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлға. Ол геология ғылымының өркендеуіне айрықша серпін беріп, ұлттық ғылыми мектептің қалыптасуына жол ашты. Әсіресе, Қарағанды өңірінде білім мен ғылымның дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткерлердің көшін Қаныш Имантайұлы бастап тұр. Мемлекет тарапынан бүгінде ғылым мен білім саласына айрықша мән беріліп келеді. Бұл бағыттағы бастамаларды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің былтырғы Жолдауында айқындап, цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытуға басымдық берілетінін атап өткен болатын. Сонымен қатар, жыл сайын ғылым саласына бөлінетін қаржы көлемі артып, соның нәтижесінде елімізде зерттеу университеттерінің қатары көбейіп келеді. Солардың бірі –

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті. Бұл жетістіктердің барлығы ғылым жолында аянбай еңбек етіп жүрген мамандардың қажырлы еңбегінің нәтижесі, – деді Нұрлан Бикенов.

Сонымен қатар, Қарағанды техникалық университетінің басқарма төрағасы-ректоры, экономика ғылымдарының докторы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, математика профессоры Сауле Сағынтаева мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институтының» Қарағанды облысы бойынша филиал директоры Саяш Ахметов та ғалымның рухына тағзым етті.

– Қаныш Имантайұлы айтқандай, ғылым – адамзатты ілгері бастайтын, өркениетке жол ашатын жарық күш. Бұл қағида бүгінгі күні еліміздің даму бағдарына толық сәйкес келеді. Қазақстанның жаңадан қабылданған Конституциясында алғаш рет адами капитал, ғылым және инновация мемлекет дамуының негізгі құндылықтары ретінде айқындалды. Ғылымды дамыту әрдайым мемлекет назарында. Соңғы жылдары ғылым саласын қаржыландыру бірнеше есеге артты. Бұл шаралардың барлығы Қазақстан қоғамында ғылымның, ғылыми жетістіктер мен ғылыми қызметтің айрықша маңызға ие екенін айқын көрсетеді, – деді Сауле Советқызы.



Сонымен қатар, ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, облыстық мәслихат депутаты Серғазы Әдеменов пен Қаныш Имантайұлының жерлесі, Баянауыл ауданы, Сәтбаев ауылының Құрметті азаматы Ғалым Нағымтаев

та сөз алып, атаулы күнмен құттықтады. Әрбір адамға да, тұтас бір халыққа да өмір бойы бағыт-бағдар беретін айрықша тұлғалар болады. Тағдыр мен тарихтың бұралған соқпақтарында қандай қиындық кездесе де, олардың рухы мен сенімі өшпей, үміті үзілмей, алыстан жол ұқсайтын Темірқазықтай жарқырап тұрады. Қаныш Имантайұлы – ұлт санасына сәуле құйып, елдің еңсесін тіктеген, уақыт сынынан өткен ұлы тұлғалардың бірі.

Суретті түсірген автор

## Кітапқұмар әулеттер анықталды

«Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында «Кітап оқитын әулет» бағыты бойынша қалалық тестілеу ұйымдастырылды. Отбасылық құндылық пен кітап оқу мәдениетін ұштастырған мазмұнды іс-шараға қатысқандар әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін паш етті.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың ерекшелігі – кітап оқуды жеке адамның дағдысы ғана емес, тұтас отбасының ортақ құндылығы ретінде дәріптеуінде. Қатысушылар түрлі сұрақтарға жауап беріп, оқу мәдениетінің ең алдымен, отбасынан басталатынын айқын көрсетті. Сөйтіп, тест тек білімді бағалау алаңы ғана емес, отбасы мүшелерін жақындастыратын рухани ортаға айналды.

Қалалық кезеңге барлығы 59 әулет қатысты. Оның ішінде, қазақ лигасы бойынша 44 әулет, орыс лигасы бойынша 15 әулет бақ сынады. Байқауға қатысушылар әлемдік және ұлттық әдебиеттің таңдаулы өкілдерінің шығармалары негізінде дайындалған тапсырмалар бойынша сынга түсті.

Тест қазақ және орыс тілдерінде екі бөлек сілтеме арқылы өткізілді. Қатысушыларға 45 сұрақ ұсынылып, оны орындауға 45 минут уақыт берілді. Тестілеу қорытындысы бойынша комиссия үздік шыққан әулеттерді анықтады.

Байқау қорытындысы бойынша қазақ лигасында М.Жұмабаев атындағы гимназиясы атынан қатысқан Балғабек әулеті I орынды иеленді. Жүлделі II орын №14 мектеп-гимназиясының намысын қорғаған Шалқар әулетіне бұйырды. Ал, III орынды №24 жалпы білім беретін орта мектеп атынан қатысқан Болатовтар әулеті еншіледі.

Орыс лигасы бойынша да үздіктер анықталды. Нәтижесінде Жұмағұлов әулеті I орынға ие болса, Ковалевтер әулеті



## КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

II орынды иеленді. Ал, Садықов әулеті III орынды қанағат тұтты.

Жобаның басты мақсаты – Қазақстан халқы арасында оқырман мәдениетін дамытуға ықпал ету, оқуды насихаттау арқылы ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыру, сондай-ақ, әдебиет арқылы рухани және мәдени құндылықтарды нығайту. Осы тұрғыдан алғанда, «Кітап оқитын әулет» байқауы кітаптың қоғамдағы орны мен отбасы тәрбиесіндегі маңызын айқындай түскен тағылымды бастама.

Қарағанды облысында бастапқы кезеңде 10 987 адам тіркелді. Алғашқы іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша 748 қатысушы таңдалып алынды. Нәтижесінде 169 команда облыстық кезеңге жолдама алды. Оның ішінде, қазақ тілінде – 545, орыс тілінде 203 қатысушы бар.

Сурет ұйымдастырушылардан

### Хабарландыру

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы аясындағы «Ресурстық тіл орталығы» КММ 2026 жылғы 22 мамырда үш тілді (қазақ, ағылшын, орыс тілдерін) жетік ментерген 18 жасан 35 жасқа дейінгі облыс тұрғындары арасында «Тіл шебері» облыстық байқауын өткізеді. «Тіл шебері» облыстық байқауы 3 кезеңнен тұрады:

- 1) «Сөзтаным» – экранда көрсетілген тақырыпты қазақ тілінде ашып беруі қажет (2 мин.);
- 2) «Елтаным» – экранда көрсетілген қазақтың киелі жерлері мен тарихи орындары туралы орыс тілінде баяндап беруі қажет (2 мин.);
- 3) «Ойтаным» – экранда көрсетілген ұлы тұлғалар, ұлттық аспаптар, ұлттық ойындар туралы ойын ағылшын тілінде жеткізуі қажет (2 мин.).

Байқау туралы Ереженің мәтінімен толығырақ Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ресми сайтында тануға болады. Байланыс телефондары: 8/7212/78-04-09, 87782831601. №72

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

### Тұрғындар назарына!

«СП Жетымшоқы» ЖШС 2026 жылдың 19 мамыр күні сағ. 10:00-де «Жетымшоқы кен орнындағы қорларды игеру бойынша ашық әзіспен өндіру жоспары» жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша, «2027-2028 жылдарға арналған Жетымшоқы кен орнының атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындар нормативтері (РЕШН) мен қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ)» жобалары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың Учаскенің географиялық координаталары:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1.	49°35'28,99"	72°59'32,23"
2.	49°35'31,19"	72°59'35,89"
3.	49°35'32,93"	72°59'46,12"
4.	49°35'42,10"	72°59'53,76"
5.	49°35'45,57"	72°59'00,11"
6.	49°35'45,19"	72°59'22,77"
7.	49°35'36,75"	72°59'18,58"
8.	49°35'21,58"	72°59'23,49"
9.	49°35'13,10"	72°59'15,50"
10.	49°35'05,96"	72°59'59,66"
11.	49°35'06,81"	72°59'52,96"
12.	49°35'11,21"	72°59'45,52"
13.	49°35'09,51"	72°59'45,52"
14.	49°35'13,47"	72°59'31,67"
15.	49°35'20,68"	72°59'32,88"

келесі мекенжайда өткізілетінін хабарлайды: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас ауылы, Мәдениет үйі, Киров көшесі, 13 үй.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас ауылы.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=mc215395c35e1a6d746a9e62efdbb64f>

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 25190465592  
Жиналыс құпия сөзі:123456xX

Жоба бойынша ескерткіштер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей <https://ndbecology.gov.kz> сілтемесі бойынша, эл. мекенжайы [pr.resurs@krg.gov.kz](mailto:pr.resurs@krg.gov.kz) және Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лобода көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануы реттеу басқармасы» ММ пошта-лық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz) эл.мекенжайы бойынша және тел. нөм.: 8(7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) арқылы сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілетінге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

### Вниманию жителей!

ТОО «СП Жетымшоқы» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытых собраний 19 мая в 10:00 часов по следующему проекту: Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «План горных работ отработки запасов месторождения Жетымшоқы открытым способом», проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) и программу управления отходами (ПУО) для месторождения Жетымшоқы на период 2027-2028 гг. по адресу: Карагандинская

Географические координаты участка:

№	Северная широта	Восточная долгота
1.	49°35'28,99"	72°59'32,23"
2.	49°35'31,19"	72°59'35,89"
3.	49°35'32,93"	72°59'46,12"
4.	49°35'42,10"	72°59'53,76"
5.	49°35'45,57"	72°59'00,11"
6.	49°35'45,19"	72°59'22,77"
7.	49°35'36,75"	72°59'18,58"
8.	49°35'21,58"	72°59'23,49"
9.	49°35'13,10"	72°59'15,50"
10.	49°35'05,96"	72°59'59,66"
11.	49°35'06,81"	72°59'52,96"
12.	49°35'11,21"	72°59'45,52"
13.	49°35'09,51"	72°59'45,52"
14.	49°35'13,47"	72°59'31,67"
15.	49°35'20,68"	72°59'32,88"

Инициатор: ТОО «СП Жетымшоқы», БИН 100340005399. Представитель: Ким Павел Игоревич, главный инженер ТОО «СП Жетымшоқы», контакты: тел. 8-702-222-38-22, эл.адрес: [info@zhetymshoky.kz](mailto:info@zhetymshoky.kz), p.kim@zhetymshoky.kz.

Кряжева Татьяна Владимировна, главный геолог ТОО «СП Жетымшоқы», контакты: тел. 8-705-765-57-36, [info@zhetymshoky.kz](mailto:info@zhetymshoky.kz), t.kryazheva@zhetymshoky.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz).

Материалы проекта размещены на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и [pr.resurs@krg.gov.kz](mailto:pr.resurs@krg.gov.kz)

область, Абайский район, пос.Карабас, Дом культуры, ул. Кирова, 13.

Территория воздействия: Карагандинская область, Абайский район, пос.Карабас.

Ссылка на онлайн видеоконференц-связь: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=mc215395c35e1a6d746a9e62efdbb64f>

Номер совещания (код доступа): 2519 046 5592

Пароль совещания: 123456xX

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz) и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

• УСТЕЛ ТЕННИСИ

## Шеберлік сынға түсті

Қарағандыда үстел теннисінен жастар арасында өтпін жатқан Қазақстан чемпионаты өз мәресіне жетті. Бес күнге созылған тартысты долаға еліміздің 13 өңірінен 193 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша Қарағанды облысының спортшылары жоғары нәтиже көрсетіп, бес алтын, бес күміс және бес қола медаль жеңіп алды. Турнирдің жабылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді арнайы құттықтады.

ERBOL ERBOLAT,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат нәтижесінде үздік деп танылған спортшылардан ұлттық құрама жасақталды. Енді ұлттық құрамаға енген теннисшілер ел намысын алдағы Азия және әлем чемпионатында қорғамак.

– Қарағандыда осындай деңгейі жоғары чемпионатты ұйымдастырып, қатысушыларға шынайы спорттық атмосфера сыйлағандарыңыз үшін алғысымды білдіремін. Бұл долаға еліміздің әр өңірінен іріктелген кіл мықтылар жиналды. Бірі үшін бұл – үлкен спортқа бастар алғашқы қадам болса, енді бірі үшін спорттық жолындағы маңызды белес. Ең бастысы, сіздер тәртіп пен жігер, табандылықты ту еткен дұрыс

бағытта келесіздер. Сіздерге қарап, ел намысын халықаралық аренада абыроймен қорғайтын жас бұынның қалыптасып келе жатқанын аңғаруға болады. Өңірде спортты дамытуға, спортшыларға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді, – деді Руслан Кенжебеков.

Өңір намысын қорғаған жас спортшының бірі – Алан Құрманғалиев. Бүгінде оның есімі аймақ жұртшылығына кеңінен таныс. Осы жолы да аталған турнирде қарсыластарына дес бермей, жеке кейін сында да, аралас жұптық бәсекеде де топ жарды.

Қыздар арасындағы долада өнер көрсеткен жерлесіміз Дарья Фу жекелей сында үздік нәтиже көрсетіп, алғаш рет ел чемпионы атанды. Финалға дейін төрт қарсыласын сенімді түрде жеңіп,



Коллаж жасаған Арыйнұлы Қотғашев

шешуші кезеңде өзінің жерлесі Мария Лукьяновамен кездескен. Сонымен қатар, Дарья жұптық бәсекеде де жүлдесіз қалмады.

Жарыс қорытындысы бойынша ұлдар арасындағы жалпыкомандалық есепте І орынды Шығыс Қазақстан облысының құрамасы жеңіп алды. Ал, Қа-

рағанды облысының командасы ІІ орыннан көрінді. Үздік үштікке Шымкент пен Алматы қаласының командасы табын тіреді.

Қыздар арасындағы жалпыкомандалық есепте І орынды «Қарағанды 1» командасы еншілессе, ІІ орынға «Қарағанды 2» командасы табын тіреді. Ал, ІІІ орынды Шымкент қаласы мен Түркістан облысының командасы өзара тең бөлісті.

Маусым айында Ташкентте үстел теннисінен жастар арасындағы Азия чемпионаты өтпек. Оған ел атынан Дарья Фу, Мария Лукьянова және Альбина Жақсылықова сынды жерлестеріміз сынға түспек. Әрі 28 сүйр мен 10 мамыр аралығында Лондонда үстел теннисінен командалық әлем чемпионаты өтеді. Сол турнирге төрт қарағандылық спортшы қатысады. Олардың қатарында Алан Құрманғалиев, Қазақстанның бірінші нөмірлі үстел теннисшісі Заурес Ақашева, ел чемпионатының күміс жүлдегері Жанерке Қашқымбаева және жас талант Мария Лукьянова да бар.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінен

• ҚАЗАҚША КҮРЕС

## Жас балуанның жарқын жеңісі

Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласында өткен қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы республика біріншілігі былығы спорт маусымының ең жарқын оқиғаларының біріне айналды. 2009-2010 жылдары туған жас балуандар бақ сынаған дүбірлі дода «Халық арена» спорт кешенінде ұйымдастырылып, елдің түпкір-түпкірінен жиналған 750-ге жуық үміткердің басын қосты. Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен барлық 17 облыстан келген жас спортшылар 18 салмақ дәрежесінде белдесіп, 72 медальды сарапқа салды.



BOлатбек ӘШІМҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы айтулы жарыста Осакаров ауданына қарасты Қарағайлы ауылының тумасы Марғұллан Сидага жүлделі үшінші орынға ие болды.

Марғұллан күреспен алты-жеті жасынан шұғылданып келеді. Ауылдағы шағын спорт залында ау бастан бапкері болған Серік Хуанбайдың жетекшілігімен шеберлігін шындап келеді. Ұстазының тәлім-тәрбиесі мен табанды еңбектің арқасында жас спортшы аз уақыттың ішінде бірталай белесті бағындырды. Бүгінде ол – қазақ күресінен спорт шеберлігіне үміткер, облыстық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы әрі республикалық турнирлердің жүлдегері.

Ақтаудағы долада Марғұллан 55 келі салмақ дәрежесінде белдесті. Алты бірдей

қарсыласымен күш сынасып, әрқайсысымен тартысты күрес жүргізді. Әр белдесу жігер мен төзімнің, айла мен шеберліктің сыналған сәті болды. Қарсыластары да осал емес, әр өңірдің таңдаулы балуандары. Жас өрен солардың көбінен басымдық танытып, жеңіс тұғырына көтерілді.

– Бұл – менің соңғы жетістігім емес. Алда әлі талай мақсат тұр. Еліміздің, тіпті әлемнің чемпионы атану үшін аянбай еңбек етемін, – дейді жас балуан сеніммен.

Марғұллан Сидаганың бұл жеңісі – ауыл спортының да әлеуетін айқындайтын бір дәлел. Осындай өрендер барда қазақ күресінің көкжиегі кеңейіп, ұлттық спорттың абыройы арта бермек.

Осакаров ауданы

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

## «Парасаттың» пайымы

Мәдени астана Алматы шаһарында өткен өнер бәсекесінде қарағандылық студенттер топ жарды. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұйымдастырылған XVIII Республикалық пәндік олимпиадада Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Парасат» тобы ерекше шығармашылық шеберлік танытып, жүлделі ІІ орынды қанжығасына байлады.

MAғЖАН ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мәдени-ғылым жұмысындағы жасанды интеллект: жаңа модельдер мен болашақ» тақырыбын арқау еткен долада жастар білім мен өнерді қатар ұштастырды. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген ең таңдаулы, жалынды жастар бақ сынасақан дода екі негізгі кезеңнен тұрды.

І кезең – ғылым-техникалық жобаны таныстыру. Мұнда студенттер мәдениет саласында жасанды интеллектті қолданудың жаңашыл жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеді.

ІІ кезең – сахналық қойылым. Өнер мен шығармашылықты ұштастырған бұл кезең қатысушылардың режиссерлік және актерлік шеберлігін паш етті.

Аймақ намысын ту еткен «Парасат» тобының жетекшісі Ақниет Рақымов пен режиссерлік нұсқаушы Ахай Жұмамұратовтың жетекшілігімен дайындалған қойылым қазылар алқасын бейжай қалдырмай, өзінің мән-мазмұнымен ерекшеленді.

– Өнер мен білім – адамды әрқашан жаңа белестер мен тың ізденістерге бастайтын қос қанат. Біздің сахнадағы қойылымның негізгі өзегі – технологиялық өрлеу заманында жасанды интеллект қаншалықты қарыштап дамыса да, ол адамның шынайы парасаты мен жан жылуын, ішкі рухани болмысын ешқашан алмастыра алмайтынын дәлелдеу. Бұл жеңіс – айлар бойғы ізденіс пен қажырлы еңбектің жемісі.



Ең бастысы, бұл дода біз үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Еліміздің әр өңірінен келген білімді де жалынды жастармен пікір алмасып, кәсіби тұрғыда шыңдала түстік, – дейді ҚарҰЗУ студенті Гасыр Нұрлыбай.

Пәлсапалық ойды сахна тілінде шебер жеткізгені үшін «Парасат» тобы ІІ орынды иеленіп қана қоймай, «Үздік режиссерлік шешім» номинациясымен де арнайы марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КЕЗДЕСУ

## Боямасыз болмыс

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Жәлел Шалқармен өткен кездесу кешінен әріптесіміздің жан сарайынан осы бір сипатты тағы бір сезініп қайттық.

ҚАСЫМХАН ҒАЛЫМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапхананың қаламгерлерге үнемі төрін ұсынып отыратын үрдісі бар. Бұл жолы төрдің төріне жайғасқан жайсаң азамат, ақжүрек ақын ағынан ақтарылды. «Поэзия – жүрек үні» деп аталатын кеш кейіпкерінің дәл өзіндей болып, жып-жылы өтті.

Кешті көркем етіп ұйымдастырған кітапхана ұжымы Жәлел Қуандықұлының ақындық қуатына ғана мән бермей, жалпы азаматтық болмысын аша түсуді ойластырыпты. Ақынның алғашқы «Анама хат» деп жазған өлеңінің қолжазбасын экран арқылы елге көрсеткенде, асыл анасын аңсаған Жәкеңнің көзінен жас



ыршып түсті. Және де мектеп кезіндегі, студент шағындағы, жалынды сәттеріндегі суреттері де жанын жадыратып салды. Ақынға мұның бәрі тосын сый еді.

Ақынды алқалап келген мәдениет мейіраман Жарола Ақышев, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов, ақындар Еркәнат Кенесбекулы мен Ерболат Қуатбек жылы лебіздерін

білдіріп, ақын шығармашылығының сипатын, өлеңіндегі өзін, достыққа деген адалдығын айтып, кеш иесінің мерейін өсірді.

Ақынның өлеңін оқырмандары жатқа оқыды. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің 4 курс студенті, жас талант Әли Дәмежан Біржан салдың «Он саусағын», Естайдың «Қорланын» шырқады. Неб мек-

тептің 9-сынып оқушысы Еркеназ Жәбел «Сәлем, саған туған ел!» әнін орындады.

М.Әуезов кітапханасының ұжымы кеш қонағына Жаһанның көз тартар әсем жерлері бейнеленген топтама кітап тарту етіп, құрметін көрсетті.

Мейманасы тартқан ақын Жәлел Қуандықұлы мемлекеттік тапсырыспен жақында ғана жарыққа шыққан «Алма гүлінің иісі» кітабынан өлеңдерін тебірене оқыды. Кеш соңында дәстүрге сай ақын қолтаңбасын жазып, кітаптарын сыйға тарту етті.

Жәлел ақынның жүрегінде ұлы сағыныш бар. Ол аяулы әке мен анаға деген мәңгілік махаббат пен туған топырағына аңсары. Кеш соңында алыста қалған ауылына барып, дәл осындай кеш өткізгісі келетінін айтып, тағы бір жүрегімізді қозғады. Арманна қанат байлап, Арқаға келіп ақын атанған Жәлел Қуандықұлын Төлеген Айбергенов туған топырақ, ардақты ауыл алақанына салар күнге де сәл қалғанын ішіміз сезеді.

Суретті түсірген автор

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
А.Ө. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 068

№39 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР